

САЙЛАУ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ ӨТТІ

Президенттің кезектен тыс сайлауы демократиялық талаптарға сай өтті. Мемлекет басшысының саяси реформаларына, сайлауалды бағдарламасына, алдағы 7 жылда атқарғалы отырған бастамаларға ел халқы қолдау білдірді. Ендігі ретте халықтың әл-ауқатын көтеру, халыққа барынша жағдай жасау көзделіп отыр. Ұлт қуатты болса, ұлт сапасын жақсартта алсақ, қоғам орнықты дамиды.

Мемлекеттілікті нығайту, Тәуелсіздікті сақтау, ұлттық тіл мен мәдениетті дамыту, қорғаныс қабілетін арттыру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қауіп-қатерлерге төтеп беру, ортақ рухани бағдарға жету

Мемлекет басшысының үнемі назарында екені айқын. Қасым-Жомарт Кемелұлының саяси реформалары одан әрі жалғасын табады. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлт болып ұйысудың өзектілігі арта түсті. Бұл

орайда ел бірлігі – ең басты құндылық.

Жастармен, қоғамдық ұйым өкілдері, мектеп мұғалімдерімен кездесуде де Президенттің бағдармаларын жан-жақты түсіндірдік. Бәрі де болашақтан



үмітті. Еліміз одан әрі дамып, қуатты ел болу үшін бәріміз атсалысуға тиіспіз.

**Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Саясаттану» кафедрасының
меңгерушісі**